



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастан шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 17 (7959) 3 мамыр, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru

*Пікір

Өздеріңізге белгілі, Қазақстан халқының бірлігі күні – ырыс-ынтымақты, татулық пен келісімді дәріптейтін аса маңызды мереке. Небір қиын-қыстау заманды өткерген, қазақ жерінен пана тапқан барша этностар үшін де қымбат құндылықтар. Осы құндылықтарды бағалай білгеннің арқасында жұртымыз бейбіт өмір сүруде. Әрбір азамат бірлікті нығайту үшін қызмет етуі керек. Өйткені

білесіздер.

Қазақстан – олар үшін туып-өскен, білім алған, отбасын құрған қастерлі мекені. Әр азаматтың Отанға деген сүйіспеншілік сезімінен туған елінің тағдырына бей-жай қарамайтыны белгілі. Еліміздегі үйлесімді этносаралық қатынастың сыры да осында деп білеміз. Қазақстанның басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы да бірлікке,

Бірлік болса, тірлік болады

бірлік болса ғана, тірлік болады.

Бұл турасында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Тарих тоғыстырған тағдырымыз – бір, сеніммен қадам басатын келешегіміз – бір. Біз біртұтас ұлт ретінде әрдайым бабалар аманатына адал боламыз. Қасиетті қарашаңырағымыз – Қазақстанның жарқын болашағын бірге жасаймыз. Біздің мақсатымыз – айқын, бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Мен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін қорғауды Президент ретіндегі ең басты міндетім деп санаймын», – деді.

Сессияда Мемлекет басшысы табиғи апаттан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетуге Қазақстан халқы Ассамблеясы зор үлес қосқанын айтты. Ассамблея қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этносты ұйыстырып отыр. Онда еңбек етіп жүрген азаматтарды бірліктің елшісі деуге болады. Қазақстандағы барлық этнос өкілдері қазақтың болмысын бойына сіңіруде. Елімізде қазақтың салт-дәстүрін ұстанатын өзге ұлт өкілдері өте көп. Оны өздеріңіз жақсы

татулыққа және өзара тілектестікке негізделуі керек.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сессиясындағы бірлік, жасампаздық пен өрлеу тұжырымдары алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуде шығармашылық пен инновацияны ынталандыру және прогрессивті ұлт ретінде жетістіктерге жетуде ұлттық бірліктің маңыздылығын көрсетеді. Президенттің осы салаларға назар аударуы еліміздің алдында тұрған негізгі мәселелерің, ұзақ мерзімді даму мақсаттарын шешуге кешенді көзқарасты білдіреді. Бұл еліміздің тұрақты, инклюзивті және гүлденген болашағы туралы көзқарасты айқындайды.

ҚХА басты міндеттерінің бірі – халықты азаматтық бірегейлікті дамыту ісіне жұмылдыру. Сонымен қатар волонтерлік және қайырымдылық шараларға ұйытқы болу. Ассамблея мүшелері еліміздің болашағы жарқын болуы үшін еңбек ете береді деп санаймын.

А.Мусина,
Ә.Бөкейхан атындағы орта мектебі.

*Ақорда

«Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясы өтті. Жиынға Парламент Сенатына ҚХА қатарынан сайланған депутаттар, республикалық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен мүшелері, Ассамблеяның еріктілері, сондай-ақ бейнебайланыс арқылы Ұйымның оңірлердегі делегаттары қатысты.



Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, еліміздің бірнеше аймағындағы табиғат апаты салдарын еңсеру үшін жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталып, су тасқыны басталғаннан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы да ортақ істен шет қалмай, белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Мұның бәрі өзара жанашыр және тілеулес болудың айқын көрінісі екенін айтты.

Президент түрлі сын-қатерге қарамастан, еліміз стратегиялық мақсат-міндеттерінен айнымайтынына назар аударды. Оның айтуынша, аз уақыт ішінде жүргізілген саяси реформалар нәтижесінде биліктің барлық тармағы адамның заңды мүддесін, құқығы мен еркіндігін қорғауға және оны ілгерілетуге

негізделген жаңа жүйе бойынша жұмыс істей бастады. Ендігі міндет – әділдік, инклюзивтілік, прагматизм қағидаларына негізделген және халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін жаңа экономика үлгісіне көшу.

Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблеяның бүгінгі сессиясы «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» деп аталғанын, барша халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіретінін, бірлік пен ынтымақ басты құндылығымыз және мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары болып қала беретінін айтты.

Президент осы мақсатқа жету үшін орындалуға

(Жалғасы 3-бетте). ➔



«AQTOĞAI AJARY»

2024 жылдың II жартыжылдығына жазылыңыз!

Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!

aktogai_red@mail.ru

Aktogai_ajary

www.facebook.com/a.ajary.kz

Газетке «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуға болады.

Тел: 8-708-547-43-03 Kaspi GOLD

Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031,
6 айға – 2457,30 теңге.
Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031,
6 айға – 2957,28 теңге.

Біздің мекен-жайымыз:
Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.
Анықтама телефондары:
2-18-81, 2-15-39.

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абонементтің аты-жөні, ИИН мен мекен-жайы көрсетіліп, төлемнің скрин-нұсқасын жіберу керек.





Ақтоғай ауданында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы «Жасыл аймақ» апталығы аясында тазалық шарасы өтуде. Мемлекет басшысы бұған дейін облыстар мен қалаларды, өңірлерді абаттандыру

аудан әкімі Руслан Кенжебеков қатысып, ағаш екті. Сондай-ақ, аудан тұрғындары, мекеме, бөлім қызметкерлері, ауыл жастары игілікті шара басынан табылып, тағылымды іске өз үлестерін қосты. Жалған ақпар, бос сөз, көзбояушылық үшін емес. Болашақ үшін, мол мұра болар із қалдыру үшін.
– Ағаш егу – ұрпақтан ұрпаққа қалған жақсы үлгі-өнеге. Бұндай үлкен акцияға қатысуымыздың өзі туған өлкесіз, ауылымыздың күлденіп дамуына бейжай қарамайтынымызды білдіреді. Ис-

Өнегелі ұрпақ – ұлт болашағы

Ақтоғай ауданында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында «Өнегелі ұрпақ» апталығы ерекше отуде. Үлкен де, кіші де, қайраткер де барлығы тазалық акциясына белсенді үлес қосуда.

Тазалық жұмысы тек тазалықпен шектелмей, түрлі тағылымды іс-шаралар ұйымдастырылып, апталықты айшықтай түсті.

Күні кеіше «Өнегелі ұрпақ» акциясы аясында Ақтоғай ауданының белсенді жастары, мектеп оқушылары тазалық акциясын насихаттай отыра, өңірдегі жалғыздікті қариялар мен Тыл ардагерлерінің үйінде болып, тазалық жұмыстарын жүргізді.

– Баршамызға белгілі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» акциясы бастау алған болатын. Қазіргі таңда абаттандыру мен сенбілік жұмыстарына ауданымыздың жастары белсене қатысуда. Бұл апталықтың атауы – «Өнегелі

ұрпақ». Осы орайда, жастар ардагерлердің үйлеріне арнайы барып, абаттандыру жұмыстарын жүргізді. «Өнегелі ұрпақ – ұлт болашағы!», – дейді ауданның жастар ресурстық орталығының директоры Ш.Елеген.



– Әркімнің туған жері мысыр шаһары. Біз – жастар, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан» акциясын толық қолдай отырып, еліміздің дамуы мен көркеюі үшін барлық күш-жігерімізді жұмсап, ел жолында аянбай еңбек етеміз, – дейді белсенді жастары.

Н.Өміржанова.

Атадан мал қалғанша, тал қалсын

және көгалдандыру жөнінде науқанды бастауды тапсырған болатын.

Қазағымызда «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген жақсы сөз бар. Расымен де саялы ағаш егіп, балаға мирас болатын бұл дәстүр осы уақытқа дейін өз өміршендігін жойған емес. Президенттің тапсырмасына сәйкес бүгінгі таңда аудан



көлемінде санитарлық тазалық акциясы ұйымдастырылып, ауданға қарасты барлық кент, ауылдық округтердегі саябақтарға 1000 түп ағаш көшеттері отырғызылды. 27 сәуір күні аудан басындағы «Тарих тағлымы», «Жастар» саябағында өткен тазалық шарасына

шараға тек жастар емес, аудан, ауылдық округ әкімдері, мәслихат депутаттары қатысуда. Ауылымыз тек көркейіп, жандана берсін дегіміз келеді, – дейді іс шараға қатысушылар.

Думан ҚАБЫЛ.

*Аудан әкімдігінде

Қыстың қамын жаз ойла

29 сәуір күні аудан әкімінің үлкен мәжіліс залында өңір басшысы Руслан Кенжебековтың төрағалығымен кезекті аудандық аппараттық кеңес өтті.


Басқосуға кент, ауылдық округ әкімдері, мекеме, бөлім басшылары қатысты. Онда 2023-2024 жылы жылу беру маусымының қорытындылары мен 2024-2025 жылдарға жылу беру маусымына дайындық барысы талқыланды.

Жиында аталған мәселе бойынша аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Ардагер Қапашев баяндама жасады.

– 2023-2024 жылдардың жылыту маусымы Ортадересін, Тасарал ауылдық округтері мен Шашубай, Сарышаған кенттерінде 2024 жылдың 15 сәуірінде аяқталса, аудандағы басқа елді мекендерде үстіміздегі жылдың 25 сәуірінде аяқтау жоспарланған. 2024-2025 жылдардағы жылыту маусымында 3 орталық жылу қазандығы және 48 автономды жылу жүйесімен қамтылған әлеуметтік мәдени нысандар жұмыс жасайды.

2023 жылы 9,8 млн.тенге қаражатқа Сарышаған кенті 3 ықшамаудандағы қазандыққа 150 кВтаттық, Абай көшесіндегі қазандыққа 100 кВтаттық дизельдік генератор және 4 дана түтін сорғы сатып алынып орнатылды. Сонымен қатар, Шашубай кенті бойынша өткен жылы жылу қазандығының дайындығын қамтамасыз ету мақсатында күрделі жөндеуден өтіп, бүгінгі күні қолданысқа берілген Ақберген көшесі №9 үйді орталық жылуға қосу мақсатында орталық қазандыққа 1 дана жаңа ТОМ маркалы қазандық, 8 МегаВаттық жылу алмастырғыш, 4 дана сорғы құрылғысы, 2айналым және 3 дана түтін сорғы сатып алынып орнатылды. Сонымен бірге қазандық ғимаратының ішіндегі жылу желілері толық көлемде 100 мм ден 150 мм ге ауыстырылды. Аудан аумағында барлығы 18,16 км құрайтын жылу желісі жұмыс жасайды. Оның ішінде

13,03 км магистралдық, 5,13 км кварталішілік жылу жүйесі. 2023 жылы жылу желілерінде күрделі ақаулар тіркелген жоқ. Ағымдағы жылға жылыту маусымына аудандық бюджеттен 25 млн.тенгеге жұмыс жоспарланған. Қосымша облыстық бюджет есебінен 20,0 млн.тенге қаражат қарастыру қажет.



Оның ішінде жоспарланған жергілікті бюджет есебінен қаржыға Сарышаған кентінің кварталішілік көп қабатты үйлердің ысырмаларын ауыстыру және 2 шақырым магистралдық және 1,8 шақырым кварталішілік жылу желілерін жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Облыстық бюджет есебінен қаражат қарастырылған жағдайда 20 млн.тенгеге Сарышаған кентінің Мектеп көшесі және 3-ші ықшамаудандағы 1,2 км желілерді ауыстыру жұмыстары жүргізілетін болады, – дейді А.Қапашев.

Сонымен қатар аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы ауданның ауыз су және көріз жүйесінің дайындығын тілге тиек етті. Баяндамада айтып өткендей 2023 жылы бюджет есебінен қаралған қаржыға Сарышаған кентінде

орналасқан су тұщыландыру контейнеріне ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді, сорғы станциясына 1 дана 55кВт сорғы құрылғысы сатып алынған. Шашубай кентінің Алтын ықшамауданына мердігер Алатау Строй сервис серіктестігімен 400 метрді құрайтын құбыр ауыстырылған. «Ақтоғай Су» серіктестігі арқылы 9 дана ЭЦВ маркалы сорғы құрылғылары, 15 су гидранды сатып алынып, құбырларды күтіп ұстау және техникалық қызмет көрсету мақсатында 38 дана құдық қақпақтары, 30 дана ысырма жаңартылған. 2024 жылға ауыз су және көріз жүйесіне қызмет көрсету бағдарламасы арқылы жалпы соммасы 59,0 млн.тенге қаражат қарастырылған. Бұл бағытта Сарышаған кенті бойынша Абай көшесінің 150 метрді құрайтын апаттық жағдайдағы учаскесін ауыстыру жұмысы, көріз құдықтары 20 дана қақпақтарын салу жұмысы жүргізілмек. Сондай-ақ, сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 4 дана су тұщыландыру контейнерлеріне ағымдағы жөндеу жүргізіліп, су сорғы станциясына 90 кВт су сорғы құрылғысы сатып алынбақ.

Жиынды қорытындылаған өңір басшысы «Халқымыз «қыстың қамын жазда ойла» деп бекер айтпаған. Осы бастан тиісті жұмыстарды атқарып, мәселелерді жүйелі түрде шешсек, тұрғындардың қыстан қамсыз шығатыны анық. Алдағы жылу маусымына аудан бойынша әлеуметтік нысандар сақадай сай болуы қажет» деп, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы көктемгі санитарлық тазалық айлығында атқарылып жатқан жұмыстарды күшейту керектігін тілге тиек етті. Сондай-ақ жалпы аудандық сенбілікке жауапты сала өкілдерінің, барша ауыл тұрғындарының белсенді түрде қатысуын ұйымдастыру, аула маңайын абаттандыру және тазарту бойынша тапсырмалар берілді.

Думан Аманкелдіұлы.

«Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу»

(Соңы. Басы 1-бетте).

тиіс бірнеше өзекті міндетке арнайы тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Ассамблея жұмысын еліміздің жа-на гуманитарлық идеологиялық доктринасымен үйлестіру қажет деп санайды.

Сонымен қатар Президент бүгінде жаһандық катаклизм белең алып, түрлі мемлекеттер арасында әскери-саяси, сауда-экономикалық текетірес, тіпті мәдени-гуманитарлық тартыс күшейіп бара жатқанына тоқталды. Мемлекет басшысы қоғамда ұлтына қарай ерекшеленуге, оқшаулануға ұмтылған кез келген әрекетке, әсіресе, азаматтарды тіліне, ұлтына, дініне немесе мәдениетіне бола арандатуға, я болмаса кемсітуге мүлде жол бермейтін орта қалыптастыру маңызды екенін айтты.

Президент Ассамблеяның институционалдық әлеуетін нығайту мәселесіне арнайы тоқталып, Ұйымның мемлекеттік органдармен, Парламентпен және мәслихаттармен қарым-қатынасын жақсарту түсу керек екенін атап өтті. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея жетекшілеріне мемлекеттік шешім қабылдау үдерісіне

және реформаларды ілгерілету ісіне белсене қатысу, этно-әлеуметтік шиеленіс ошақтарын анықтау және ондай оқиғалардың алдын алуға баса мән беру, Ассамблеяны әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәріптейтін институт ретінде нығайту міндеттерін жүктеді.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, еліміз соңғы жылдары аса күрделі сынақтардың тағы бір тарихи кезеңін бастан өткеріп жатқанын айтып, бірлік пен ынтымақтың арқасында бұл қиындықтың бәрін жеңетінімізге, шынығып, ширап, бұрынғыдан да мықты болып шығатынымызға сенім білдірді.

– Тарих тоғыстырған тағдырымыз – бір, сеніммен қадам басатын келешегіміз – бір. Біз біртұтас ұлт ретінде әрдайым бабалар аманатына адал боламыз. Қасиетті қара шаңырағымыз – Қазақстанның жарқын болашағын бірге жасаймыз. Біздің мақсатымыз – айқын, бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Мен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін қорғауды Президент ретіндегі ең басты міндетім деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты жиында Республикалық тәжік этномәдени орталығының төрағасы Акбаржон Исмаилов, ҚХА Төрағасының орынбасары, Қазақстан корейлері қауымдастығының президенті Юрий Шин, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық ұйымының төрағасы Тимур Жұмырбаев, Қарағанды облысындағы «Ассамблея жастары» ұйымы өкілдігінің төрағасы Александр Урмашов, Жетісу облысындағы Достық үйінің директоры Руфина Усанова сөз сөйледі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен халықтар арасында бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға, мемлекеттік тілді дамытуға сіңірген еңбегі үшін бірқатар азаматқа мемлекеттік наградалар табысталды.

Атап айтқанда, II дәрежелі «Достық» орденімен Астана қаласы Қайырбеков атындағы №2 мектеп мұғалімі Елизавета Шнайдер, «Ел бірлігі» орденімен «Қазақстан украиндарының радасы» бірлестігінің төрағасы Юрий Тимошенко, мемлекет және қоғам қайраткері Мурат Ахмадиев, «Дустлик» Қазақстан өзбектерінің

этномәдени қауымдастығы төрағасының орынбасары Хасан Шарипов, «Ерен еңбегі үшін» медалімен Степногорск балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқытушысы Николай Дураченко, Атырау қалалық №3 мектеп-гимназиясының мұғалімі Татьяна Любина, «Шапағат» медалімен Өскемен металлургия кешені Мырышзауытының күйдірушісі Сергей Панасюк, Ұлытау облысы Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының аккомпаниаторы Аркадий Побединский, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бөлімше командирі Кирилл Пономаренко, Ақмола облысы Арайлы ауылы орта мектебінің мұғалімі Анастасия Ирубаева марапатталды. Бұған қоса, Қазақстан халқы Ассамблеясы Шығыс Қазақстан облысы ғылыми-эксперттік тобының төрағасы Нелли Краснобаеваға, Қарағанды облысындағы «Ассамблея жастары» өкілдігінің төрағасы Александр Урмашовқа, Жетісу облысы «Қоғамдық келісім» мекемесінің басшысы Руфина Усановаға Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысы жарияланды.

Ақорда kz.

*Мемлекеттік қызмет

Департамент 250 гектар жерге құқықтық қалпына келтірді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің функцияларының бірі мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының бұзылуына жол бермеу, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру болып табылады.

Атап айтқанда, биылғы жылы Осакаров ауданының тұрғыны ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін 250 гектардан астам жер учаскесін беруден негізсіз бас тарту фактісімен Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне шағым білдірген. Аталған шағым негізінде, Департамент (бұдан әр- Департамент) қызметкерлері Осакаров ауданының әкімдігінде жоспардан тыс тексеріс жүргізіп, мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңнама талаптарының бұзылуына жол берілгенін анықтады.

Тиісінше шағымды қарау нәтижесі бойынша Осакаров ауданы әкімдігінің атына бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым енгізілді. Осылайша, Департаменттің тікелей араласуымен көрсетілетін қызметті алушыға жер комиссиясының шешімімен Осакаров ауданында ауыл шаруашылығы қажеттіліктерін жүргізу үшін 250 гектардан астам жер учаскесі беріліп, қызмет алушының бұзылған құқықтары мен заңды мүдделері қалпына келтірді. Бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіру мәселесі Департаменттің ерекше бақылауында.

Департаментом восстановлены права на 250 гектар земли

Одной из функций Агентства по делам государственной службы является контроль за качеством оказания государственных услуг и недопущения нарушения требований законодательства в сфере оказания госуслуг, а также восстановление нарушенных прав и законных интересов услугополучателей.

Стоит отметить, что в этом направлении Агентством и его территориальными департаментами в прошлом году были восстановлены нарушенные права более 100 услугополучателей.

В частности, восстановлены нарушенные права жителя Осакаровского района Карагандинской области, который обратился с жалобой в Департамент Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области (далее - Департамент) в отношении МИО Осакаровского района с фактом необоснованного отказа при предоставлении земельного участка для сельскохозяйственных нужд, площадью более 250 гектар.

В свою очередь, Департаментом была назначена внеплановая проверка в МИО Осакаровского района по итогам, которой был установлен факт неправомерности действий со стороны акимата Осакаровского района, что привело к нарушению законности.

По итогам рассмотрения жалобы в адрес акимата Осакаровского района Департаментом было внесено предписание об устранении нарушений законности путем повторного рассмотрения заявления услугополучателя с дальнейшим предоставлением земельного участка для сельскохозяйственных нужд.

Таким образом, при содействии Департамента услугополучателю решением земельной комиссии был предоставлен земельный участок площадью более 250 гектар в Осакаровском районе с целевым назначением для ведения сельскохозяйственных нужд, чем были восстановлены нарушенные права и законные интересы услугополучателя.

Вопрос восстановления нарушенных прав и законных интересов находится на особом контроле в Департаменте Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области.

Темиржанов К.М.
Главный специалист Управления государственных услуг Департамента Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области.

Ақпараттық хабарлама

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлер назарына!

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кенттер, ауылдық округ әкімдерінің кезекті сайлауына қатысатын үміткерлерге «АҚТОҒАЙ АЖАРЫ» газетінің бетінде баспасөзден орын беру төлемінің мөлшері, шарттары жайлы ақпарат. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихат депутаттарының, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округ әкімдерінің кезекті сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 21 қазандағы №439 Жарлығына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары сайлау комиссияларының ақпараттық материалдарын орналастыру үшін және тіркелген кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға сайлауалды бағдарламаларын, өмірбаянын жариялау үшін шарттық негізде баспа алаңын ұсынады. «АҚТОҒАЙ АЖАРЫ» газетінде баспа алаңының 1 шаршы сантиметр құны 250 теңгені құрайтынын хабарлайды.

Газет алаңында материалдар беру үміткерлер газет редакциясымен жасалынған жазбаша шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлер сайлау алдындағы үгітті қамтитын материалдарда қаржыландыру көзі туралы ақпарат көрсетілуі тиіс екенін ескертеміз.

«АҚТОҒАЙ АЖАРЫ» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы.

*Аудандық «Ақтоғай ажары» газетінің тоспа доптан жүлдесіне – 51 жыл

Сүмбіле, сәуір айының 27 жұлдызында аудан орталығында «Ақтоғай ажары» газетінің жүлдесі үшін дәстүрлі тоспа доптан аудандық ашық біріншілік болып өтті.

Кез келген мемлекеттің өсіп-өркендеуіне оның әлеуметтік-экономикалық дамуы және саяси тұрақтылығы оң әсерін тигізетіні

озық ойдын, ынтымақ пен бірліктің, жанашылдық ұранының жаршысы болып, ұлы мұраттарға үндеген 86 жылдық тарихы бар газетіміздің де алар лайықты орны бар. Сонау жетпісінші, жылдары Ақтоғайда бұқаралық спортты насихаттау мақсатында басылым – «Арқа еңбеккері» газеті атындағы тоспа доп

бөлініп өткен бәсекеге аудан өңірінен кіл мықтылары жиналыпты.

Спорттық шараға аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов, ардагер спортшы Ералы Жаров қатысты.

Турнирді кіріспе сөзбен ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Айдын Шәкірбаев ашты.

«Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаттары арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек...»

Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұқаралық спорт – ұлт саулығының кепілі



анық. Осы орайда халықтың денсаулығы да өте маңызды рөл ойнайды. Өйткені мемлекеттің алға қойған мақсат-мүддесін, стратегиялық жоспарларын іске асыратын сол елдің азаматтары. Демек, ол міндетті орындау үшін бірінші кезекте ұлттың саулығы қажет. Ал, бұл мақсатты жүзеге асыру үшін ең алдымен бұқаралық спорт пен спорттық инфрақұрылымды дамыту керек. Бұл жөнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді. Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды. Спорт инфрақұрылымдарының балалар үшін барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шыңына шығатын пирамидаға айналуы тиіс. Бұл салауатты әрі белсенді жастардың, түптеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалыптастырады» – деп атап өткен еді.

Президенттің бұл тапсырмасы Ақтоғай ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің негіз қалаушы факторына айналды. Алға қойған басым міндеттерді жүзеге асыру үшін ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Соның бір парасы аудан айнасы «Ақтоғай ажары» газеті атындағы дәстүрлі тоспа доп турнирі. «Газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі» демекші, облысымыздағы аудандық газеттердің арасында өлкенің өркендеуіне үлесін қосып жүрген, республикаға аян аға газеттер де жетерлік. Солардың бірі өз аумағында

турнирін өткізіп, алғашқы байрағын желбіреткенді. Ауданымызда спорттың бұқаралығын арттыру мақсатынан бастау алған бұл турнир әр жыл сайын жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қырық жылдан астам уақыт Ақтоғайда тоспа доптың өркендеуіне өз септігін тигізіп келді.

Олай дейтініміз, Ақтоғай ауылынан шыққан тоспадопшыларымыз кезінде облыстық жарыстың



жүлдегері атанып, тіптен еліміздің үздік командасы ретінде, одақтық деңгейдегі ауыл спортшыларының біріншілігінде үздік ондыққа кіргені белгілі.

Өткен сенбіде аудандық спорт кешенінде аталмыш турнир осымен 51-ші мәрте өз жалауын жебіретті. Спорт кешені, Ә.Бөкейхан, К.Байсейітова, аграрлық-техникалық колледж спорт залында төрт топқа

Одан соң аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов сөз алып: – «Өркениет өріне құлаш ұрып отырған елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру басты мәселе. Әрбір қазақстандық, оның ішінде жастар осындай спорттың

кең өріс алған Сарытерек, Нүркен, Жидебай, Қасабай, Қызыларай жастары, Қызыларай орта мектебі оқушылары, Ақтоғай командасы және К.Байсейітова, Ә.Бөкейхан мектебі командалары шаршы аланда



бұқаралығын насихаттайтын жарыстарға қатысу арқылы өздерінің денсаулықтарын шынықтырулары қажет. Ел басшысының алға қойған міндеттерінің бірі – салауатты өмір салтын қалыптастыру, әрбір қазақ-

тартысты. Ертеңнен кешке ұласқан тоспа доп сайысы өте тартысты да шиеленісті түрде өтті. Ала допты тордан асыра қақпақыл ойнатқан тоспадопшы жігіттердің әбжіл әрекеттері мен шалт кимылдары спортсүйер қауым мен кикүлап дем берген жанкүйерлерді риза етіп, тамаша ойын өрнегін көрсетті. Шеберлігі асқан, айласы мен күші басым деген командалар өз-өзінен іріктеліп жатты. Сөйтіп, жарыс қорытындысы бойынша қызу тартыста өзінің шындалған шеберліктері арқасында «Алаш Қасабай» тоспа допшылары үздік шығып, жеңіс тұғырына көтерілді. Жұлделі екінші орынды Сарытерек ауылының командасы иеленсе, үшінші орынға ақтоғайлық тоспадопшылар табан тіреді. Сонымен бірге сайыста қақырата соққан соққысы, айлалы әдісі арқылы көзге түскен тоспадопшылар «Үздік ойыншы», «Үздік шабуылшы», «Үздік ұйымдастырушы» номинациялары бойынша марапатталды. Осылайша дәстүрлі «Ақтоғай ажары» газетінің турнирі өз мәресіне де жетті.

Турнирдің қорытындысы бойынша аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы А.Шәкірбаев жұлделі орындарды иеленген команда мүшелеріне кубок, медальдар тапсырды. Сонымен қоса газет атынан жарыс жеңімпаздарына ақшалай сыйлық табысталды.

Думан Аманкелді.

* Совет Одағының батыры, Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына – 100 жыл



Қазақстан халқы үстіміздегі жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығын атап өтуге дайындалуда. Бұл біздің ортақ тарихымыздағы маңызды дата. Осы күнгі бейбіт өмірге қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекет жағдайында өмір сүріп жатқанымызға сол соғысқа қатысып, қасықтай қаны қалғанша отаны үшін «жан алып – жан берген», аталарымыз бен әкелеріміздің, аналарымыз бен әпкелеріміздің қосқан үлесі зор және олар ешқашан ұмыт қалмауға тиіс. Ұлы Отан соғысының шежіресінде Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Қазыбек Нұржанов, Нұркен Әбдіров, Әлия Молдағұлова,

Мәншүк Мәметова секілді қазақ жерінен шыққан батырлардың есімдері алтын әріппен жазылды. Солардың бірі де бірегейі алғаш болып жеңіс туын тіккен халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаев. Көкірегімізде ерекше көңіл мен мақтаныш сезімін ұялататын осы бір есімді білмейтін қазақ, осы батырдың ерлігін қайталауды армандамайтын жас ұрпақ жоқ болар, сірә? Өйткені, Рақымжан ерлігі – еріксіз бас идіретін ерен ерлік. Рақымжан Қошқарбаев Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен жалғыз қазақ. Тарихи ерлігін небәрі 21 жасында жасаған батырдың дүниеге келгеніне биыл 100 жыл толып отыр.

Рейхстагқа ту тіккен қаһарман

13 жасында балалар үйіне түседі

Ол 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысы Тайтөбе ауылының маңындағы қыстақта дүниеге келген. Оған ананың мейірімі мен жылы алақанын, әкенің қамқорлығын сезіну бұйырмады: 4 жасында анасы дүниеден өтті, ал әкесі болса, жалған саяси жаламен сотталып, ГУЛАГ лагерьлеріне жіберілді. Рақымжан Тайтөбе балалар үйінде тәрбиеленді. 7 жылдық мектепті бітірген соң, осы арадан Балқаш қаласындағы фабрика-зауыт училищесіне жіберілді. Өзінің өмірі

сағынысып жолығысады. Ардақты әке осылайша сүйікті ұлының сапар жолына ақ батасын береді. 1944 жылдың қазанында кіші лейтенант Қошқарбаев училищені үздік тәмамдап, майдан шебіне қосылады.

Майдандағы өмір

1945 жылы 16 сәуірде Рақымжан Қошқарбаев бас болған шабуылдаушы взвод Одер өзенінің батыс жағалауындағы Гроенойндорф елді мекеніндегі жаудың бетін қайтарады. Осы судан ары кеңес әскерін өткізбей,

табыс етіледі.

Соғыстың соңына қарай лейтенант Рақымжан Қошқарбаев 150-ші атқыштар дивизиясының 647-ші атқыштар полкінің барлау взводының командирі болады. Осы кезде шапшаң әрі көзсіз батыр қазақ жігітінің есімі майдан шебінде аңыздай тарайды.

Рейхстагқа ту тіккен аңыз тұлға

Рахымжан Қошқарбаев 1945 жылдың сәуір айында Берлин түбіндегі соғыстың ең сұрапыл шайқасына қатысады. Батальон командирі Рейхстагқа ту тігуге аттанатын алғашқы топты

басқаруды Қошқарбаевқа жүктейді. Бұл өліммен тең тапсырма еді.

Қарша борап тұрған оқ пен оттың ортасынан еңбектеп өткен екеу 300 метр жерде тұрған Рейхстагқа 7 сағат бойы жүріп барады. Ғимараттың қабырғасына Қызыл жалауды тігеді. Екеудің ерлігін сол күннің ертеңіне-ақ майдан газеттері жарыса жазып жатты. Бірақ пендешілікпен әділдіктен аттап кеткендер де болды. Сол кездегі солақай саясатқа

байланысты «Жеңіс туын» тігу мәртебесі тек орыс және грузин ұлтына тиесілі болу керек еді. Сондықтан соғыстың қанды қырғыны бәсеңдеген сәтте Егоров пен Кантария Жеңіс туын ресми түрде Рейхстагтың төбесіне апарып қадады делінген.

Батыр өмірінің соңы

Соғыстан кейінгі жылдары Рақымжан Қошқарбаев Эльба бойындағы кенестік оккупациялық әскер бөлімінде қызмет атқарды. 1947-67 жылдары Қошқарбаев Ақмола облыстық атқару комитетінде нұсқаушы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы қоныс аударушылар жөніндегі бас басқармада инспектор, 1967 жылдан бастап «Алматы» қонақ үйінің директоры болып жұмыс істеді.

Рақымжан Қошқарбаев «Қызыл Ту», 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1999 жылы мамырдың 7-сінде Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың



туралы Қошқарбаев өзі жазған "Штурм" атты кітабында жан-жақты баяндады.

Соғыс басталғанда Рақымжан Қошқарбаев 16 жаста болады. Отан-ананың тәрбиесі бойына сіңген бала-жігіт Ұлы Отан соғысы басталған соң-ақ, елін жау қолынан азат етуге бел буады. 1942 жылдың тамызында 18 жастағы бозбала Қазақстан және Орта Азия сарбаздарын әскери дайындықтан өткізген Көкшетау қаласындағы атқыштар полкі қатарына алынып, осы жерде 1943 жылдың жазына дейін болады. Одан соң Рақымжан Қошқарбаевты Фрунзеге эвакуацияланған Тамбов жалпыкомандалық жаяу әскер училищесіне оқуға жібереді. Осы жерде Рақымжан алыстағы арманы болған күтпеген жағдайға тап болады: жігерлі жас жігітті баяғыда НКВД құрсауына түскен әкесі іздеп тауып, әке мен бала Фрунзеде

немістер тоқтаусыз оқ жаудырып тұрған. Атылған оқтың астымен жорғалаған Қошқарбаев взводы немістердің тұрағының үстінен түсіп, бетпе-бет соғысады. 40 немісті қырып, үлкен калибрлі 3 пулеметті қолға түсіреді. Қызыл әскер ары қарай жылжиды. 1945 жылдың 29 сәуірінде Шпре өзені маңында қанды қырғын болады. Тағы да жауға Рақымжан Қошқарбаевтың взводы тойтарыс береді.

Осылайша Одерден басталған шайқас Рейхстагқа дейін жалғасады. Осы аралықта Рақымжан Қошқарбаевтың взводы 200 немістің көзін жойып, 184-ін қолға түсіреді. Майдан даласындағы жаудың 14 зеңбірегін, 27 үлкен калибрлі пулеметті, одан бөлек көптеген мылтық, оқ-дәрілерді тәркілейді. Осы үшін Рақымжан Қошқарбаевтың взводына «Бірінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені



Жарлығы бойынша Рақымжан Қошқарбаевқа «Халық Қаһарманы» атағы беріледі. Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев 1988 жылы 10 тамызда Алматы қаласында қайтыс болды. Рейхстагты алуға көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін Рақымжан Қошқарбаевқа елордамыз Астана қаласында ескерткіш орнатылды.

(Мақала ғаламтордан алынды).

2024 жылғы 9 маусымға
тағайындалған
Ақтоғай ауданының Абай,
Сарытерек ауылдық округтері
әкімдерінің сайлауын дайындау
және өткізу жөніндегі Ақтоғай
аудандық сайлау комиссиясының
құрамы және орналасқан жері
туралы
ХАБАРЛАМА

Аумақтық сайлау комиссиясының құрамы
Райымбеков Жанболат Жанатбекулы – төраға.
Каримхан Куанышбек Окенулы – төрағаның орынбасары.
Толлегулова Саламат Серикказиевна – хатшы.
Комиссия мүшелері – Омарбаев Елдос Маратулы, Сейсенбаева Асем
Сайлаубековна, Жумадилова Толкын Нурланқызы, Сағынаева
Гульмира Боранбайқызы.

Сайлау комиссиясының орналасқан жері
Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі,
10 Г.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

2024 жылғы 9 маусымға
тағайындалған
Ақтоғай ауданының Абай,
Сарытерек ауылдық округтері
әкімдерінің сайлауын дайындау
және өткізу жөніндегі учаскелік
сайлау комиссияларының
шекаралары туралы ХАБАРЛАМА

№ 462 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Сарытерек ауылдық округі, Сарытерек
ауылы, Парасат көшесі, 18А. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Сарытерек ауылы бойынша Бестерек
көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 20/1, 21, 22, 23,
24, 25, 26 үйлер, Сарыөзек көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12/1, 12/2,
13, 14, 15, 17, 18, 19/1, 19/2, 20 үйлер, Көкөзек көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6,
7, 7А, 8, 12, 13, 14, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30 үйлер, Парасат
көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 7А, 8, 9, 10, 11/1, 11/2, 12, 12/2, 13/1, 13/2, 14
үйлер, Тоқырауын көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 17, 18,
20, 21, 22, 23, 25, 26, 28 үйлер, Ақшкөл көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10,
11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 үйлер.

№ 463 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Сарытерек ауылдық округі, Жетімшоқы
ауылы, Жетімшоқы көшесі, 16. Д.Аманбаевтың тұрғын үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Жетімшоқы ауылы бойынша Жетімшоқы
көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 16, 17 үйлер және
Қарақұла, Қарашілік, Қаратал, Күнгей, Үшшілік-1, Үшшілік-2, Қоянгөз, Кіші
Ақсай, Үлкен Ақсай, Қызылжал, Қаракемер, Райымбек, Қарашоқы, Ақсай,
Ұзынбұлақ қыстақтары.

№ 464 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Сарытерек ауылдық округі, Ақтұмсық
ауылы, Ақтұмсық көшесі, 11. Б.Маженованың тұрғын үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақтұмсық ауылы бойынша Ақтұмсық
көшесіндегі № 2, 3, 6, 8, 11, 12, 13 үйлер және Самал, Ұзынбұлақ, Ақсай,
Әлібек, Қойкелді, Дастар, Қойтас, Қарақия, Байғозы, Қарабауыр, Нартай
қыстақтары.

№ 465 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Сарытерек ауылдық округі, Кенелі ауылы,
Кенелі көшесі, 10. Қ.Нөкешовтың тұрғын үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Кенелі ауылы бойынша Кенелі көшесіндегі
№ 1, 4, 7, 8, 10, 11, 15, 17 үйлер және Шыңырау, Шүрекбай, Ақсайы, Ақшағыл,
Ақшоқы, Қарашоқы, Қособа, Жұмағұл, Жанат, Айыртас, Қызыл, Талдыбұлақ,

Бесқора, Қарағозы, Қоске, Майтас қыстақтары.

№ 484 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Абай ауылдық округі, Абай ауылы, Абай
көшесі, 8. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Абай ауылы бойынша М.Мәметова
көшесіндегі № 1, 2, 3, 5 үйлер, Бейбітшілік көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6 үйлер,
Қ.Аманжолов көшесіндегі № 1, 3, 9, 10, 11, 12 үйлер, Қараменде би көшесіндегі
№ 1, 5, 6, 9, 11 үйлер, М.Әуезов көшесіндегі № 1, 2, 3 үйлер, Абай көшесіндегі
№ 1, 2, 4, 5, 6, 7, 9, 10 үйлер және Ақшкөл, Қалқан, Қарқын, Ақатан, Қойбағар,
Бақалшы, Бидайық, Көпелбай, Тасқын, Аққорда, Ортақора, Ошаған, Ақсай,
Айдын, Ой-Жапекең, Ақферма қыстақтары.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

2024 жылғы 9 маусымға
тағайындалған
Ақтоғай ауданының Абай, Сарытерек
ауылдық округтері әкімдерінің
сайлауын дайындау және
өткізу жөніндегі учаскелік сайлау
комиссияларының құрамы мен
орналасқан жері туралы
ХАБАРЛАМА

№ 462 сайлау учаскесі

Сайлау комиссиясының құрамы

Казыбекова Меруерт Маратовна – төраға.
Дауылбаева Мактагуль Ажибековна – төраға орынбасары
Катеева Жупар Ералықызы – хатшысы
Комиссия мүшелері – Есмағанбетов Айткелды Аятбекулы, Мухажанова
Галия Балхашбаевна.

Сайлау учаскесінің орталығы: Сарытерек ауылдық округі, Сарытерек
ауылы, Парасат көшесі, 18А. Клуб үйі.

№ 463 сайлау учаскесі

Сайлау комиссиясының құрамы

Тажыбаев Нурлы Амангельдинович – төраға
Журтубаева Эльмира Болатқызы – төраға орынбасары
Алтынбекова Риза Абзалбекқызы – хатшысы
Комиссия мүшелері – Садирбекова Жанаргул Куанышбековна, Амиртаева
Саламат Сарсембекқызы.

Сайлау учаскесінің орталығы: Сарытерек ауылдық округі, Жетімшоқы
ауылы, Жетімшоқы көшесі, 16. Д.Аманбаевтың тұрғын үйі.

№ 464 сайлау учаскесі

Сайлау комиссиясының құрамы

Асылбеков Азамат – төраға
Алгамжанов Сайран Советович – төраға орынбасары
Алдажарова Нургул Жарылғапбекқызы – хатшысы
Комиссия мүшелері – Алина Шолпан Махсуткаримқызы, Мустакаева
Маржан Куралқызы.

Сайлау учаскесінің орталығы: Сарытерек ауылдық округі, Ақтұмсық
ауылы, Ақтұмсық көшесі, 11. Б.Маженованың тұрғын үйі.

№ 465 сайлау учаскесі:

Сайлау комиссиясының құрамы

Калпебаев Кайрат Касимулы – төраға
Нөкешов Кайрат Болатулы – төраға орынбасары
Омиржанова Айгуль Уалиевна – хатшысы
Комиссия мүшелері – Токтаева Анар Бекмағанбетовна, Алибаев Маулен
Тиыштықбайұлы.

Сайлау учаскесінің орталығы: Сарытерек ауылдық округі, Кенелі ауылы,
Кенелі көшесі 10 үй. Қ.Нөкешовтың тұрғын үйі.

№ 484 сайлау учаскесі

Сайлау комиссиясының құрамы

Адрейсов Ардаш – төраға
Махсұтова Асел Хизатоллақызы – төраға орынбасары
Бекежанова Дінаш Есбергенқызы – хатшысы
Комиссия мүшелері – Конысова Жансая Карасаевна, Қалижан Ержан
Төлеуұлы.

Сайлау учаскесінің орталығы: Абай ауылдық округі, Абай ауылы, Абай
көшесі, 8. Клуб үйі.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы



Рухани пікір алмасу сабағы

15-сәуір мен 15-мамыр аралығында Алаш айлығы аясында, «Ә.Ермеков атындағы ЖББ мектебі» КММ –де жоспарға сай, 9-11 сынып



оқушылары арасында әсем табиғаты мен асқар өрліктің рухы аңқыған Ақсораң бауырында “Ақсораң арыстарының гибраты” атты сыныптан тыс пікір-алмасу

саба-ғы өтті. Сабақ барысында Алаш Арыстарының қиын да қияметті өмірінің қилы кезеңінде ұлт болашағы үшін мойымай, тұлғалықтың сом бейнесін қалыптастырған тұлғалар өмірінің гибратты кезеңдерінен әңгімелер қозғалды. Шәкірттеріміз ор рухты аталарымен тілдескендей, серуеннен ұлттық құндылықтармен, азаматтықтың саф ауысымен сусындағандай әсерленді.

Нұрсылан Шакиров.

*Спорт

Елімізде дене шынықтыру және спорт саласы бойынша халықтың салауатты өмір салтын ұстануы мақсатында атаулы сала бойынша біршама жұмыстар атқарылып келеді. Иә, «Дені саудың – жаны сау» демекші, қай елде болмасын спортқа аса назар аударып, халық денсаулығына жауапкершілік-

қыздар арасында ұйымдастырылды. Дүбірлі додаға Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінен және еліміздің барлық облыстары мен қалаларынан жалпы 800 аса спортшы қатысып, жүлделерді сарапқа салды. Осы жарысқа Ақтоғай аудандық балалармен жасөспірімдер спорт

Халықаралық турнирде топ жарды

пен қарайды. Мемлекетімізде спорттың бұқаралылығын арттыру мақсатында атаулы дата-ларға орай жарыстар өткізіліп келеді. Сөзіміздің айқын бір дәлелі таяуда Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласында Академик Қаныш Сәтбаевты еске алуға



арналған дзюдодан халықаралық турнир болып өтті. Қ.Сәтбаев Кеңес Одағының шығыс республикаларынан шыққан КСРО ғылым академиясының тұңғыш академигі, КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты, Мемлекеттік және Ленин сыйлықтарының лауреаты, төрт мәрте Ленин орденімен, 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

Қазақстан жер қойнауының пайдалы қазбаларын, Жезқазғандағы мыс қорларын ашқан алғашқы қазақ геологы, Қазақстан Ғылым Академиясының ұйымдастырушысы және тұңғыш президенті Қ.Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған жарыс 2007-2008 жылдары туған жасөспірімдер мен

мектебінің спортшылары да қатысып, жеңімпаз және жүлдегерлер атанды.

Кіл мықтыдан, шын мықтыны анықтаған байрақты бәсекеде Қ.Нұржанов атындағы орта мектебінің оқушысы Ақылбекұлы Нұрдос аймақ намысын қорғады. 55 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен жас балуан күміс медаль иеленіп, «Спорт шеберлігіне үміткер» атағын алды. Бұл тұста жас жеткіншектерді қазақ күресі, дзюдо спортына баулып келе жатқан білікті бапкер Қайрат Қанаятұлының есімін ерекше атап өткен жөн.

Нұрдосты жеңісімен құттықтай отырып, әлі де талай жетістіктерге жетеді деген үлкен сенім артамыз!

Думан Бақышев.

*Тарих тағылы

Көзден кетсе, көңілден кетпекші ме?

Қоғамдық ұйымдардың қолдауымен 1995 жылы ақпан айында Абай елі қарауылдық абыз ақ қариялар мен ақжаулықты бөйбішелердің үлгісі бойынша Ақтоғайда тұңғыш рет екі күнге созылған «Қазыналы қариялар» атты ақсақалдардың сайысын ұйымдастырып өткіздік. Сайыстың бағдарламасы

төрешілер алқасының құрамында болдым. Неге екенін қайдам, Сәкітай: «Қазыналы қариялар» жарысын тұңғыш өткізіп отырмыз», – деген. Сірә, алғашқы шараны ұмытқан болуға тиіс. Жылдар жылжығанымен ел рухына арналған шаралар атаусыз қалмауы керек қой деп ойлаймын. Үмітай мен



мен сценарийн өзім дайындадым. Аталған шараның ерекше өткендігі жайлы Үмітай Жармағанбетов аудандық газетке, Балтабек Әбеуов облыстық «Сарыақа» газетіне мақалалар жариялаған болатын. Жоғарыдағы сурет шара өткен күні түсірілген. Солдан оңға қарай Қоңырат селолық округінен келген Жұмашев Айтан, Сарытерек селолық округінен Шегиров Нұржақай, Ахметжанов Сәкібай және мен. Марапат тапсыру кезі. Осы шарада жамшылық сексеннен асқан Тиыштыбаев Хасен ақсақал бірінші, Қараменде округінен келген Әдебаев Қапан екінші орынды иеленді. Тұңғыш рет өткен осы шараның бүгінгі күнгі куәгері болып саналатын Ақтаева Нұрғайын қатысушы ақсақалдарға екі мезгіл ас ұйымдастырып берді. Біздің осы бастамамыз облыстық тіл басқармасы тарапынан қолдау тапты. Менің бағдарламамды негізге ала отырып, 1995 жылдың наурыз айында құйма құлақ қарияларды жинап, облыстық сайыс өткізді. Сайысқа аудан атынан қатысқан Қараменде би селолық округінің тұрғыны ақын Әдепаев Қапан жүлделі бірінші орын алып, аудан мерейін өсірді. 2014 жылы осындай шара ауданда ұйымдастырылды. Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сәкітайдың шақыруы бойынша мен ауданға барып

Балтабектің мақалаларын сақтай алмадым. Осы бастамамызды облыстық тіл комитеті ерекше бағалады. Сол сайысқа атақты Ділдабеков, Ғазиз Ештанаев, Сейітжаппар Бимақашев т.б. қатысқан болатын.

Сол жылы облыстық тіл басқармасы бастығының міндетін атқарушы Абай Тайырұлы деген азамат ақтоғайлықтарға ерекше ілтипат жасады.

Қапанның иығына оқалы шапан жауып, киіктің сирағынан жасалған әшекейді қамшы, Абай энциклопедиясын тапсырды. Осы сайысқа ауданнан барған бір күйші, бір әнші екі өнерпаз да сый сияпат иеленді. Күйші қызыларайлық отбасы ансамблін ұйымдастырған азамат, әнші, Алтынбекова Сәлиминның бауырларының бірі. Аттарын ұмыттым.

Қорыта айтқанда ұмытылмас шараны ұмытпасақ екен деймін. Бұл аудан тарихын құрайтын айтулы оқиғалардың бірі. Айтулы деуімде ерекше мән бар. Біздің ұйымдастырған осы ізгілікті ісіміз аудан өмірінен ерекше орын алды. «Қазыналы қариялар» деген атпен өткен осы шара кейіннен кең қолдау тапты ғой. Оған дәлел «Ақжәлелер», «Жігіттің сұлтаны», «Келіндер бәсекесі» деген атпен аудан өмірінен өз орындарын иеленді.

Аманкелді Туғанбай, нарманбеттанушы.

К. Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ ұжымы мектептің математика пәні мұғалімі Сәттібаева Гулжанатқа әкесі Сәттібайұлы Халықтілудің қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Құттықтаймыз!



Құрметті бауырымыз Санабек Омірбекұлы!
70 жасқа толған мерей-жасымен құттықтаймыз. Денсаулығыңыз мықты болып, солденсаулықтың арқасында бала-шаға, немере, отбасыңыздың қуаныш-қызығын көре беріңіз. Алла берген ұрпақтарыңызбен тамырын тереңге жайған бәйтеректей жапырақтарыңыз жасайқала берсін.

Күш қайратыңыз кемімей Алланың берген жасын жасап, ел-жұртыңыз бен ағайын-туыстың ортасында бақытты ғұмыр кеңіңіз. Шаңырағыңыз шат-шадыман қызыққа толсын. Бейбіт заман, ашық аспан астында мерейлі күндеріңізді қарсы алып жүре беріңіз.

Жылдар жүзі жүректі қажыптасын,
Думанды ән көңілде шалықтасын.
Шуақты пернелері қоңілдегі,
Туған күнде сертіліп қалықтасын.

Ізгі тілекпен: апасы – Амантай, аға-жеңгесі Асан-Тамара, балалары – Айман, Айнур-Жасұлан, Айдос-Дина, Жандос-Арайлым.

Құттықтаймыз!



Қадірлі ағамыз Болат Күлжамбекұлы!

Сізді асқаралы 70 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Әр адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар. Еткен еңбек, төккен тер ежелетін құрметті жас, осы қарттық жас.

Сіз іні-қарындасқа аға, бақытты әке, аяулы ата бола білдіңіз. Ендігі қалған ғұмырыңызда жеңгеміз Бұлкен екеулеріңіз жақсы қартайып, сексеннің сеңгіріне денсаулықтың нәрінен қуат алып 100-ге қадам басыңыз.

Құтты болсын, мерей жас,
Жаныңызды нұрлы еткен.
Есік ашты 70 жас.
Ән-жырымен тербеткен.
Немерелер қуантып
Қасыңыздан табылған.
Шөберелер шуылдап,
Жұлдыздай бір жағылған.
Отбасыңыз аман боп,
Бақытты күнді нұрлы еткен.

70 жасыңызға ақ тілек тілеген: Борігүл ағаңыздың балалары, немере-шөберелері.

Құттықтаймыз!



Құрметті Болат аға – Света апай!

Сіздерді мерейлі 60 жастарыңызбен құттықтаймыз! Денсаулықтарыңыз мықты болсын. Шаңырақтарыңыз ырыс пен берекеге толсын.

Болат аға, ақылдың кеніндеі, көненің көзіндеі, кеңпейіл дархан көңіліңіз, өнеге толы өміріңіз ұр-пақтарыңызға үлгі. Бытырғы жылы өзіңіздің еңбекқорлығыңыздың арқасында Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталдыңыз. Абыройыңыз артып, жұмысыңыз өрлей берсін. Ұлыңызды ұяға, қыздарыңызды қияға қондырып, қызығын көріп отырсыздар. Ұрпақтарыңызбен мың жасаңыздар!

Ағатай ақ көңілмен аңғылдаған,
Жүзіңіз ақ семсердей жарқылдаған,
Жақсымен жақсылықта бірге жүріп,
Мәрттікпен топышылықта тарылмаған.
Дәл өлішен парасатты таразы алып,
60-тың асқарына сараланып,
Жанұяның ұйытқысы Болат аға,
Тұр бүгін ел алдында дараланып.

Ізгі ниетпен: Төлжубекөвтер әулеті.

Құрметті Бақиагул Мәжікенқызы!

Сізді адам өмірінің бір белесі – зейнеткерлікке шыққан мерейжасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Еңбегіңіз еленіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын. Өміріңіз қашанда көктемдей жарқын, жаздай жылы әрі жайлаушақ болсын. Сізге ақ ниетпен қартаймас жайдары көңіл, мәнді де мағыналы өмір, сарқылмас қуат тілейміз. Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге толы болсын. Күда-жескәжат, ағайын-туыстың құрметіне бөленіп, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығына тоймай Кентай екеуіңіз ұзақ ғұмыр кеңіңіздер.

Қайда жүрсең алдыңнан ақ күн тусын,
Ақ кемелің желкенін шаттық бұрсын.
Өмір жасың қаншаға созылса да,
Алдыңнан күтіп тұрсын бақыт құсын.

Ақ тілекпен: Мейрам-Сақыпжамал және балалары.



Құрметті Мейрамгүл Жақыпбекова!

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз.

Міне, аман-есен бала-шаға, тугандарының ортасында алтыншы асқардың шыңына қол созып отырсыз. Сізге мол қажыр-қайрат, зор денсаулық, бақ-береке тілейміз. Бақытты ғұмыр кешіп, әрдайым балаларыңыздың қызығын көріп,

ортамызда ойнап-күліп, қартаймай жүре беріңіз. Дос-жаран, туган-туыс арасында абыройыңыз артып, жүзіңізден күлкі кетпесін. Асқақ арман, асыл мұраттарыңыз орындалып, өмірдің шуағына бөлене беруді Алла нәсіп етсін.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты болып шаттық өмір сүріңіз.
Алтыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Ақ тілекпен: Болат-Бақиагул

Құрметті Жақыпбекова Мейрамгүл Сүлейменқызы!

Сізді бүгінгі келін жеткен мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Дос-жаран мен туган-туыс, бала-шаға алдында аман-сау жүре беріңіз. Алланың берген жасын жасап ортамызда күліп-ойнап, ыстық ықыласқа бөлене беріңіз. Ұрпақтарыңыздың қуанышы мен жақсылығын көріп, баянды ғұмыр кеуіңізге тілектестіз. Үкен бәйтеректей жапырағыңыз жайқалып әр жылыңыз жақсылыққа толы болсын.

Ақ түйенің қарны бүгін жарылсын,
Туған-туыс үйге бүгін ағылсын.
Ақ ниетпен тілеген ақ тілектер,
Періштенің құлағына шалынсын.

Ізгі ниетпен Жаңаарқадан құдаларыңыз – Манас-Ақмарал



Құрметті көріміз Санабек Омірбекұлы!

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Ең бастысы денсаулығыңыз мықты болсын. Сізге ашық аспан, қажымас қайрат тілейміз. Қосағың Айгүлімен жарасып бала-шаға, немере-шөбере қызығын қызықтап, 100 жасқа келіңіз. Әрдайым ақжарқын мінез, адал көңіліңізбен туган-туыс, бала-шаға, көріштердің ортасында абырой құрметке бөленіп жүре беріңіз. Өмірдің сарқылмайтын бар жақсылығын тілейміз.

Құтты болсын 70-ке толған жасыңыз,
Домаласын өрге қарай тасыңыз.
Ағайын, туган, көріштердің ортасында,
Күліп-ойнап жүзге келсін жасыңыз.

Ізгі тілекпен көріштеріңіз: Егіз, Алтысбай, Серікбай, Абзал, Мамыр, Саят, Өміржан, Ыбыкешің отбастары



Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037)2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті

редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

